







Утверждено
приказом Председателя Правления –
Ректора некоммерческого акционерного
общества «Казахский национальный
педагогический университет имени Абая»
от «01» марта 2024 года
№ 05-04/145

ПОЛОЖЕНИЕ
о Совете по этике исследований
при некоммерческом акционерном обществе
«Казахский национальный педагогический университет имени Абая»

Копия	Разработано	Согласовано
	Абдигасбарова У.М. 	Бурибаев Е.А. 
		Ишпекбаев Ж.Е. 
		Абдылдаев С.Б. 

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Басқарма Төрағасы – Ректорының
2024 жылғы «01» наурыздағы
№ 05-04/145 бұйрығымен
бекітілген

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы жанындағы
Зерттеу этикасы жөніндегі кеңес туралы
Е Р Е Ж Е

Көшірме	Әзірленген	Келісілген
	Абдигапбарова У.М.	Бурибаев Е.А.
		Ишпекбаев Ж.Е.
		Абдильдина С.Б.

Алматы, 2024

1. Жалпы ережелер

1. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) жанындағы Зерттеу этикасы жөніндегі кеңес (бұдан әрі – ЗЭЖК) өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңдарын, «Қазақстан Республикасының Патент заңын», Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережені, Ғылым және ғылыми білімді пайдалану туралы декларацияны (ЮНЕСКО, 1999), Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды, Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексін (КЕРА, 2020 ж.), Ғылыми әдептің үлгілік қағидаларын, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Ғылыми әдеп кодексі 2024 жылғы «27» тамыздағы №3 шешімі, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 ақпандағы №804 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы – 2029 жылға дейін», «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын, ЮНЕСКО-ның Жасанды интеллект этикасы жөніндегі ұсынымын (2021 ж.), Қоғамның Жарғысын және осы Зерттеу этикасы жөніндегі кеңес туралы ережені (бұдан әрі – Ереже) басшылыққа алады.

2. ЗЭЖК – демеушілерден, инвесторлардан, зерттеушілерден тәуелсіз және кез келген ықпал түрінен (мысалы, саяси, институционалдық, кәсіби немесе коммерциялық) еркін, Қоғамның жанындағы тұрақты жұмыс істейтін орган. Бұл факт зерттеуге қатысушылардың мүдделерінің бірінші кезектегі маңыздылығын қамтамасыз етеді. ЗЭЖК қызметінің негізгі мақсаттары: зерттеуге қатысатын субъектілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, зерттеушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау.

3. ЗЭЖК Қоғамда жүргізілетін барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарына, эксперименттер мен сынақтарға этикалық бақылау мен сараптама жүргізеді, ғылыми этикалық нормалар мен құқықтардың сақталуын бақылайды, Қоғам қызметкерлері мен білім алушыларының ғылыми зерттеулерді бейэтикалық жүргізуіне қарсы іс-қимыл жасайды.

2. ЗЭЖК құрамы

4. ЗЭЖК мүшелерінің саны 16 адамды құрайды. ЗЭЖК құрамы келесі мүшелерді қамтиды:

Кандидатурасын Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректор ұсынатын Төраға.

Қоғамның әр институтының директоры ұсынған өкіл.

Қоғамның қызметкері болып табылмайтын тәуелсіз сарапшы.

Төраға орынбасарын ЗЭЖК мүшелері арасынан Төрағаның өзі сайлайды. Төраға болмаған жағдайда немесе зерттеу орындаушысымен мүдделер қақтығысы бар деп мәлімдесе, төраға орынбасары төрағаның міндетін атқарады.

Дауыс беруге құқығы жоқ жауапты хатшы.

5. ЗЭЖК мүшелері әр түрлі жыныста және жаста болуы керек, зерттеулердің толық және барабар этикалық сараптамасын қамтамасыз ету үшін әртүрлі білім салаларын ұсынуы керек.

6. ЗЭЖК мүшелері өздерінің жеке қасиеттері, қызығушылықтары, этика және ғылым саласындағы білімдері мен тәжірибелері негізінде, сондай-ақ ЗЭЖК-де жұмыс істеуге қажетті уақыт пен күш жұмсауға деген ұмтылыс пен келісім негізінде таңдалады.

7. ЗЭЖК оқыту және тағылымдамадан өту институтын құру арқылы сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында мүшелерді ішінара ротациялауды жүзеге асырады.

8. ЗЭЖК мүшелерінде мүдделер қақтығысы болмауы тиіс, мүдделер қақтығысы болған жағдайда тиісті түрде реттеледі. Мүдделер қақтығысы бар ЗЭЖК мүшелерінің

белгілі бір зерттеу хаттамасына қатысты шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігінен айырылуы мүмкін.

9. ЗЭЖК мүшелері өздерінің сараптамалық функцияларын лауазымдық жағдайына қарамастан орындайды. Зерттеуге қатысушыларға немесе ЗЭЖК мүшелеріне жасалған кез келген қысым зерттеу этикасын өрескел бұзу болып табылады және Қоғамның имиджіне нұқсан келтіреді. ЗЭЖК барлық осындай әрекеттер туралы Қоғамның Басқарма Төрағасын – Ректорды дереу хабардар етеді.

10. Сараптама жүргізілгені үшін зерттеуді ұйымдастырушылар мен орындаушылардан ақы алынбайды. ЗЭЖК мүшелері ондағы жұмысы үшін арнайы сыйақы алмайды.

11. Ғылыми зерттеудің этикалық жағын талқылау ұлттық және халықаралық деңгейдегі тиісті нұсқаулықтарда белгіленген зерттеу этикасының принциптері мен құндылықтары ескерілетін ғылыми зерттеуді мұқият қарауды және талдауды көздейді. Ғылыми зерттеулерге қатысты барлық құжаттарды ЗЭЖК мүшелері талқылауға дейін алдын ала талдауы керек, оның барысында әрбір ЗЭЖК мүшесі өздігінше қорытынды жасап, жағдайға өз көзқарасын білдіреді.

12. Келіп түскен құжаттарды зерделейтін ЗЭЖК мүшелері, егер бұл зерттеушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қажет болса, зерттеуді жан-жақты талдауды қамтамасыз ету мақсатында жетекші немесе орындаушыдан ҒЗЖ туралы қосымша ақпарат сұратуға және алуға құқылы.

13. ЗЭЖК мүшелерінің міндеті зерттеу жоспарын немесе ғылыми экспериментті, ұсынылған құжаттарды талдау кезінде анықталған немесе зерттеу барысында туындаған этикалық мәселелерді шешу жолдарын жан-жақты және мұқият қарастыру болып табылады.

14. ЗЭЖК мүшелері қарастырылатын зерттеулерде өздерінің мүдделер қақтығысын немесе қандай да бір дәрежедегі мүдделерді, яғни қаржылық, кәсіби немесе басқасын көрсетуі тиіс, ал ЗЭЖК ұсынымдарды талқылау және қалыптастыруда қандай да бір мүдделер қақтығысы бар ЗЭЖК мүшелерінің қатысу мүмкіндігі мен шарттарын анықтауы керек.

15. ЗЭЖК мүшелері тиісті дәлелдер болған жағдайда ЗЭЖК шешімі бойынша құқықтарынан айрылуы мүмкін және бұл құқықтан айыру процесі ЗЭЖК мүшелерінің дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады.

16. ЗЭЖК мүшелері өз міндеттерін дұрыс орындамаса, яғни отырыстарға қатысудан жалтарса, нақты ғылыми зерттеулерге және/немесе ЗЭЖК отырыстарының барысына қатысты құпия ақпаратты жария етсе, мүдделер қақтығысына байланысты шешімдер қабылдауға қатысудан жүйелі түрде бас тартқан кезде (жылына жылына жиналыстардың/істердің 20%-дан астамы) ЗЭЖК қалған мүшелерінің шешімімен құрамнан шығарылуы мүмкін.

17. ЗЭЖК мүшелері ЗЭЖК төрағасына қызметінен кету туралы өтініш беру арқылы өз қалауы бойынша қызметінен кете алады. Қызметінен кеткен немесе құқығынан айрылған ЗЭЖК мүшелері жаңа ЗЭЖК жаңа мүшелерін тиісті тағайындау нәтижесінде ауыстырылуы мүмкін.

3. ЗЭЖК функциялары

18. Зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ету ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеулерді орындаушының этикалық нормаларды сақтау мәніне зерттеу орындаушысының Өтінішін қарау және бұзушылықтар жоқ деген Қорытынды беру ЗЭЖК-ның негізгі функциялары болып табылады.

19. ЗЭЖК Қоғамның Ғылыми кеңесіне және тікелей Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректорына есеп береді. ЗЭЖК жыл сайын Қоғамның Ғылыми кеңесіне жұмыс нәтижелерін

қорытындылап, ҒЗЖ жүргізу кезінде ғылыми қызметкерлердің құқықтарының бұзылуын, әдепсіз әрекеттердің алдын алу, ғылыми зерттеулерді жетілдіру, ғылыми эксперименттер (сынақтар) жүргізудегі этикалық аспектілерді жетілдіру бойынша ұсыныс айтып, есеп береді.

20. ЗЭЖК қаралған ҒЗЖ нәтижелері бойынша зерттеушіге немесе жауапты орындаушыға дәлелді қорытынды береді. ҒЗЖ бойынша ұсынымдар болған кезде анықталған кемшіліктер жойылуы тиіс және ЗЭЖК-де жаңартылған ҒЗЖ ұсынылуы тиіс.

21. ЗЭЖК мақұлдаған зерттеу жүргізу барысында зерттеушінің, демеушінің немесе зерттеуге қатысушы ұйымның кінәсінен күмәнді немесе этикалық нормаларға қайшы келетін жағдайлар туындаса, ЗЭЖК зерттеуді мақұлдаудың күшін жою немесе бұрын берілген рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру мәселесін қарау үшін бұл туралы Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректорына, жоғарыда аталған ұйымдарға және тиісті рұқсат беретін органдарға хабарлауға құқылы.

4. ЗЭЖК өкілеттігі

22. ЗЭЖК Қоғамның PhD докторанттарының, ПОҚ-ның, қызметкерлердің, білім алушылардың барлық ғылыми зерттеулерін (диссертациялық, жобалық зерттеулер, ғылыми есептер, мақалалар және т. б.) жоспарлау және аяқтау кезеңінде қарауға; оң немесе теріс қорытынды шығаруға; зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ету ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеулерді орындаушы этикалық нормаларды сақтамаған жағдайларда ғылыми зерттеулерді тоқтата тұруға; қажет болған жағдайда ЗЭЖК осы зерттеу бойынша жазбаша оң шешім қабылдағанға дейін кез келген адамды ғылыми зерттеулерге қатысуға тартуға құқылы.

23. ЗЭЖК ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялаумен байланысты моральдық-этикалық проблемалармен, ғылыми зерттеулер нәтижелерінің сенімсіздігімен, авторлық құқықтардың сақталуымен, плагиат проблемаларының алдын алу, зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ету ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеулерді орындаушының этикалық нормаларды сақтауын бақылау бойынша жұмыс жүргізеді.

24. ЗЭЖК эмпирикалық деректерді бұрмалау сияқты орындаушылар жіберетін этикалық бұзушылықтардың алдын алу; жоқ жарияланымдарға сілтеме беру; жалған бірлескен авторлық; «елес авторларды» жасау, негізсіз дәйексөздер, дұрыс емес дәйексөздер, гипотеза ретінде анық тексерілмейтін ұсыныстарды алға тарту, лайықсыз авторлық, ғылыми жұмыс түріндегі компиляция; ойдан шығарылған конференциялар ұйымдастыру және т.б., сондай-ақ, зерттеулердің негізгі бөлігі білім беру саласымен байланыстылығын ескеру бойынша жұмыс істейді.

25. Зерттеу этикасының міндетті шарты оның ғылыми негізділігі, барабар сапалы рәсімделуі, оған адамдардың қатысуының еріктілігі, зерттеушілердің біліктілігі, қолданылатын тәсілдер мен зерттеу әдістерінің дұрыстығы болып табылады.

26. Ғылыми тұрғыдан негізсіз зерттеулер этикалық тұрғыдан қабылданбайды. Мұндай зерттеулер қатысушыларды сынақтарға және қатысушыларға және (немесе) қоғамға пайда келтіру мүмкіндігінсіз ықтимал залалға ұшыратады. Сондықтан тиісті ғылыми бағалауды қамтамасыз ету ЗЭЖК жауапкершілігі болып табылады. Егер зерттеу ғылыми тұрғыдан бағаланбаса, оны этикалық тұрғыдан да қарастыруға болмайды.

27. Бірлескен халықаралық ғылыми зерттеулер, кез келген басқа көп орталықты сынақтар сияқты, тиісті елдерде бірнеше этикалық бағалауды қажет етуі мүмкін. Ғылыми зерттеу қай жерде жүргізілетініне қарамастан, егер ғылыми зерттеу нәтижелері ЕО-ға таратуға рұқсат алу үшін пайдаланылуы тиіс болса, ЕО-да оны Хельсинки декларациясының қағидаттарына сәйкес жүргізу талабы қолданылады.

28. Зерттеудің кейбір түрлері, мысалы, залал немесе ыңғайсыздықтың айқын қаупі жоқ және зерттеу қатысушыларға қолайсыздықтар (болмашы тәуекел) туғызбайды деп күтілетін жағдайларда ЗЭЖК этикалық сараптамасын қажет етпеуі мүмкін. Бұл, сондай-ақ, адамдар туралы сәйкестендірілмейтін деректерді (мысалы, ашық дереккөздерден, мұрағаттардан немесе басылымдардан алынған ақпарат) қамтитын қолданыстағы деректер қорын немесе құжаттарды пайдалануды көздейтін ғылыми зерттеулерге де қатысты.

5. Зерттеу жүргізу стандарттары

29. Халықаралық этикалық талаптарды ескере отырып зерттеулер жүргізу стандарттары:

- ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде адам құқықтары мен адамның қадір-қасиетін құрметтеу (ЮНЕСКО-ның Ғылым және ғылыми білімдерді пайдалану жөніндегі декларациясы, 1999 ж.);

- халықаралық журналдарда рецензияланудың этикалық аспектілері (мүдделер қақтығысы, бұрын жарияланбаған жұмыс, инклюзивті тіл, авторлардың қосқан үлесі, демеушінің рөлі және т.б.).

30. Адамдардың қатысуымен зерттеулер жүргізуге арналған институционалдық этика талаптары (педагогикалық эксперимент шеңберінде және т. б.):

Қоғамның ғылыми қызметкерлері, ПОҚ немесе білім алушылары жүргізетін адам субъектілерін қамтитын зерттеулер ғылыми-зерттеу қызметі басталғанға дейін және оның соңғы кезеңінде ЗЭЖК-де қаралып, мақұлдануы керек.

Барлық зерттеушілер (Қоғамның ғылыми қызметкерлері, оқытушылары, білім алушылары) адамдардың қатысуымен зерттеулер жүргізу кезінде ғылыми этика қағидаттарын ұстануға міндетті.

Барлық зерттеушілер осы Ережемен бекітілген ғылыми зерттеу процедураларын орындауы керек.

ЗЭЖК бекіткен оң қорытындыдан ауытқу немесе адамдардың қатысуымен зерттеулер жүргізу кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, олар туралы дереу ЗЭЖК-ке хабарлануы тиіс.

ЗЭЖК мақұлдаған зерттеулер бойынша оң қорытындыдағы түзетулер (өзгертулер) зерттеулер басталғанға және оның нәтижелерін енгізуге дейін ЗЭЖК-те қаралып, бекітілуі тиіс.

Респонденттердің ақпараттандырылған келісім процесі адамдармен жүргізілген зерттеулердің институционалдық этикасының негізгі элементі болып табылады.

Ақпараттандырылған келісім алу процесінде зерттеуші әлеуетті қатысушыны зерттеудің мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ онымен байланысты кез келген ықтимал тәуекелдер немесе артықшылықтар туралы хабардар етуі тиіс.

Ақпараттандырылған келісім алу процесінің мақсаты зерттеудің әлеуетті қатысушыларында жүргізіліп жатқан ғылыми эксперимент туралы барлық қажетті ақпарат бар екеніне, олардың осы зерттеуге қатысқысы келетіні-келмейтіні туралы толық ақпараттандырылған шешім қабылдағанына көз жеткізу болып табылады.

Зерттеушілер ғылыми экспериментке қатысушылардың барлығына өз зерттеулеріне қатысудың артықшылықтары мен тәуекелдерін сипаттау кезінде сенімді ақпарат беруге міндетті.

Адамдармен зерттеулер жүргізу туралы (мысалы, ғылыми жобалар немесе дипломдық/диссертациялық зерттеулер шеңберінде) ЗЭЖК-нің оң қорытындысын ЗЭЖК 12 ай мерзімге бекітеді.

31. ҚР Ғылыми-зерттеу этикалық кодексі шеңберіндегі білім беру саласындағы зерттеушінің міндеттері:

Зерттеу этикасы:

- мүдделер қақтығысын белгілеу (егер бар болса);

- зерттеулердің тәуекелдері мен артықшылығы (пайдасы) туралы ақпараттандыру;

- ғылыми экспериментке қатысушылардан ақпараттандырылған келісім алу;
- зерттеудің осал қатысушыларымен (кәмелетке толмағандармен, мүгедектермен және т. б.) жұмыс істеу, олардың заңды өкілдерінен ақпараттандырылған келісім алу;
- деректерге қол жеткізудің құпиялылығын қамтамасыз ету;
- зерттеу нәтижелерін жариялау және тарату саласындағы стандарттарды сақтау;
- цифрлық зерттеулер этикасын сақтау.

Жарияланым этикасы (авторлық):

- басқа біреудің зияткерлік өніміне авторлық құқықты иеленуге жол берілмейді;
- зияткерлік өнім авторларының тізіміне оны дайындауға елеулі үлес қосқандар ғана кіреді;
- зияткерлік өнім авторларының бірінші авторы және авторлардың кейінгі реті ғылыми зерттеуді әзірлеуге қосқан үлесінің маңыздылығымен анықталады;
- егер жарияланым оның зерттеуіне негізделген болса, жарияланымдағы бірінші автор ретінде білім алушы көрсетіледі;
- академиялық мәртебе, лауазым, атақтар немесе еңбек/зерттеу тәжірибесінің кез келген басқа көрсеткіші зияткерлік өнімнің бірінші авторы ретінде көрсету үшін негіз болып табылмайды;
- кішігірім үлес танылады «Алғыс» бөлімінде көрсетіледі;
- автор зияткерлік өнімнің баспаға бірінші рет ұсынылуына кепілдік беруге міндетті;
- жарияланым бір уақытта тек бір басылымға беріледі;
- автор зерттеудің демеушілерін/грант берушілерін көрсетуге міндетті.

6. ЗЭЖК қызметін ұйымдастыру

32. ЗЭЖК отырыстары оқу жылы ішінде шілде және тамыз айларын (каникул, еңбек демалысы) қоспағанда, қажеттілігіне қарай күндізгі (офлайн) немесе сырттай (онлайн) нысанда өткізілуі тиіс. Кезекті отырыстың күні мен уақытын Төраға айқындайды. ЗЭЖК хатшысы ЗЭЖК мүшелеріне кезекті отырыстың уақытын, орны мен күн тәртібі туралы хабарлайды және олардың қатысуы туралы растау алады. Қажет болған жағдайда, ЗЭЖК Төрағасы кезекті отырыстың күнін өзгерте алады немесе кезектен тыс отырыс тағайындай алады. Отырыс күніндегі өзгерістер туралы ақпаратты ЗЭЖК хатшысы ЗЭЖК-ның барлық мүшелеріне және отырысқа қатысушыларға жеткізеді.

33. ЗЭЖК қажет болған жағдайда ашық (Қоғам қоғамдастығының барлық мүшелерінің қатысуымен) немесе жабық (тек ЗЭЖК мүшелерінің қатысуымен) отырыстар өткізе алады.

34. Ұсынылған кез келген зерттеу жұмысы ЗЭЖК бір айдан аспайтын мерзімде каралуы тиіс.

35. Орындаушы өзінің зерттеуін (диссертация, мақала және т.б.) осы зерттеу талқыланған кафедра отырысынан кейін ЗЭЖК-ға ұсынады.

36. ЗЭЖК-ға ұсынылатын құжаттардың тізбесі:

- өтінім;
- диссертациялық материалдар/жобалық зерттеу бойынша жоспар немесе есеп/мақала/сауалнамалар/реципиенттердің хабардар етілген келісімі және т.б. (баспа немесе электрондық форматта);
- үш тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) аннотация.
- тақырыпты бекіту туралы хаттамадан үзінді, кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасынан үзінді;
- ғылыми зерттеу материалдарын плагиатқа тексеру бойынша Қоғамның анықтамасы.

37. ЗЭЖК отырысын ЗЭЖК Төрағасы, ал ол уақытша болмаған немесе ауырған жағдайда оның орынбасары немесе Төрағаның тапсырмасы бойынша ЗЭЖК мүшелерінің бірі өткізеді. Отырыс басталар алдында ЗЭЖК мүшелеріне күн тәртібі ұсынылады. Отырыста қарастырылып отырған зерттеу туралы хабарламаны ЗЭЖК Төрағасы жасайды.

Отырысқа дейін ЗЭЖК-нің барлық мүшелері алдын ала сараптама жүргізу үшін құжаттарды алдын ала алады және зерттеудің барлық материалдарымен егжей-тегжейлі танысады. Қажет болған жағдайда ЗЭЖК Төрағасы талқылауға тәуелсіз консультанттарды тартады, олар отырысқа жеке қатысуға немесе құпиялылықты сақтай отырып, өз қорытындысын жазбаша түрде ұсына алады.

38. ЗЭЖК отырыста тек кворум болған жағдайда ғана шешім қабылдайды. Кворумға қойылатын талаптар: егер ЗЭЖК құрамының барлық мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, ЗЭЖК отырыстары заңды болып саналады.

39. Шешім қабылдау процедурасы ЗЭЖК отырыстарда және кворум болған жағдайда ғана бейтарап шешімдер қабылдайтынын білдіреді. Шешім қабылдауға тек талқылауға қатысқан ЗЭЖК мүшелері қатысады; қажет болған жағдайда зерттеушілер, зерттеу жетекшілері мен кеңесшілер, демеушілер өз пікірлерін білдіру мүмкіндігін алады, бірақ бұл ретте олардың талқылауға және шешім қабылдау процесіне қатысуға құқығы жоқ.

40. Зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ету ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеулерді орындаушының этикалық нормаларды сақтауы туралы қорытынды беру үшін ЗЭЖК отырысын өткізудің рәсімдік тәртібі:

- Төрағаның кворум (келу парағының нәтижесі бойынша) туралы кіріспе сөзі, отырысты өткізу құқығы, ғылыми зерттеуді орындаушыны, зерттеу жүргізілген мамандықты және оның тақырыбын таныстыру;

- зерттеуді орындаушының сөзі (10 минутқа дейінгі баяндама);

- зерттеуді орындаушының ЗЭЖК мүшелерінің сұрақтарына жауаптары;

- қарауға ұсынылған материалдарды алдын ала сараптау нәтижелерін жариялау үшін ЗЭЖК мүшелерінің бірінің сөз сөйлеуі;

- өтінімді мақұлдау/қабылдамау мәселесі бойынша дауыс беруді өткізу;

- зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ету ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеуді орындаушының этикалық нормаларды сақтауы туралы қорытынды шығару туралы шешім қабылдау.

41. ЗЭЖК шешімдері отырысқа қатысқандар санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

42. Дауыс беруге қатысатын ЗЭЖК мүшелері этикалық сараптаманың нәтижелеріне мүдделі тұлғаларға ешбір жағдайда тәуелді болмауы керек, сондай-ақ олар тексеріліп жатқан зерттеулердің нәтижелеріне қызығушылық танытпауы керек. ЗЭЖК мүшелерінің азшылығының пікірі, сондай-ақ ЗЭЖК мүшелерінің ерекше пікірлері отырыс хаттамасында және отырыс хаттамасынан үзінді көшірмеде көрсетілуі тиіс.

43. Егер ЗЭЖК-нің барлық мүшелері қолдамаған шешім қабылданса, хаттамада «қалыс қалған» (дауыс беруге қатыспаған) немесе «қарсы» (көпшілік пікірімен келіспейтін) адамдардың санын көрсету қажет.

44. Шешім (оң немесе теріс қорытынды) жазбаша нысанда өтініш берушіге және тиісті органдарға беріледі. ЗЭЖК өзінің шешімдері мен стандартты операциялық процедураларының тиісті жазбаларын сақтайды және қажет болған жағдайда ұсынады.

45. ЗЭЖК жұмысының ағымдағы нәтижелері ЗЭЖК хаттамасы нысанында рәсімделеді. ЗЭЖК отырысында қабылданған шешім Қорытындымен рәсімделеді, оған ЗЭЖК Төрағасы мен хатшысы қол қояды және хатшы өтініш берушіге жеткізеді.

46. ЗЭЖК хатшысы Қорытындылар берілген ЗЭЖК отырыстарының хаттамаларын, сондай-ақ оларға қосымша баспа немесе электрондық форматтағы құжаттарды дайындауға, есепке алуға және сақтауға жауапты.

47. ЗЭЖК отырысының қорытындысы Диссертациялық кеңестің, ҚР ҒЖБМ ҒК-нің, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК-ның, ғылыми басылымдар мен басқа да ғылыми-зерттеу мекемелері мен ұйымдарының сұрауы бойынша ұсынылуы мүмкін.

48. Осы Ережемен реттелмеген мәселелерді ЗЭЖК Қоғам Жарғысына, Қоғамның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес қарайды.

7. Зерттеулерде жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану этикасы

49. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы ғылыми зерттеулер жүргізген кезде зерттеушілер халықаралық және ұлттық ғылыми әрі цифрлық этика стандарттарын сақтауға міндетті.

50. Зерттеулерде ЖИ-ді пайдалану зерттеу қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін бұзбаған, дискриминацияға, бұрмалаушылыққа және манипуляцияға әкелмеген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

51. Зерттеулерде ЖИ қолданудың негізгі қағидаттары:

- ашықтық (зерттеуде, жарияланымдарда және есептерде ЖИ қолдану фактісі мен нысанын міндетті түрде көрсету);

- түсініктілік (зерттеуші ЖИ қолдану мақсатын және алынған нәтижелерді негіздей алуы тиіс);

- ЖИ-ді деректерді бұрмалау, жалған жарияланымдар, «deepfake» материалдар немесе ойдан шығарылған нәтижелер жасау үшін қолдануға жол бермеу;

- қатысушылар туралы ақпаратты өңдеу кезінде дербес деректерді және құпиялылықты қорғау;

- алгоритмдердің ықтимал бұрмалануын ескеру және кемсітуші қорытындылардың алдын алу.

52. Жарияланымдарды дайындау кезінде зерттеуші деректерді өңдеу, мәтін жазу, иллюстрациялар немесе ғылыми өнімнің басқа элементтерін құрастыруда ЖИ-дің қатысу деңгейін ашып көрсетуге міндетті.

53. ЖИ-ді мәтін генерациялау, деректерді талдау немесе визуализациялау үшін автоматты түрде пайдалану тек зерттеуші нәтижелердің дұрыстығына, нақтылығына және ғылыми негізділігіне толық жауапты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

54. ЖИ зерттеу қатысушыларының тиісті ақпараттандырылған келісімсіз, әдістердің ашықтығынсыз немесе ғылыми және цифрлық этика қағидаттарын бұза отырып қолданылған жағдайда, Ғылыми зерттеулер этикасы жөніндегі кеңес зерттеулерді тоқтатуға немесе қабылдамауға құқылы.

*Абай атындағы ҚазҰПУ
жанындағы Зерттеу этикасы
жөніндегі кеңес туралы ережеге
1-қосымша*

**Абай атындағы ҚазҰПУ
жанындағы Зерттеу этикасы
жөніндегі кеңес Төрағасы**

(Төрағаның аты-жөні)

(зерттеуді орындаушының аты-жөні)

(мамандық шифрі мен атауы)

(зерттеу жүргізілген кафедра,
факультет атауы)

Өтініш

тақырыбындағы зерттеу жұмысын / диссертацияны (диссертациялық материалдарды) / жоспарды немесе жобалық зерттеу туралы есепті / мақаланы / сұрау парақтарын / респонденттердің ақпараттандырылған келісімін және т.б. қарауды және тиісті қорытынды беруді сұраймын.

**Зерттеу жұмысының (диссертация,
мақала және т. б.) авторы/**

**Аты-жөні
қолы
күні
байланыс ақпараты**

** Өтініш қолмен жазылады*